Шардара аудандық білім бөліміне қарасты
«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қосымша білім беру педагогының 2024-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы

М Ә Л І М Е Т

Барлық үйірме жетекшілері 2024 - 2025 оқу жылының басында жылдық жоспары құрылып, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік үйірмелерге барлық сынып оқушыларынан сауалнамалар алынып, сауалнама бойынша ата – аналарының өтініштерімен үйірмелерге тартылды.

Мектепішілік үйірмелерге жалпы **982** оқушы қамтылды, **567** негізгі пәндік үйірмелерге, **415** спорттық үйірмелерге қамтылды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында және пәнге деген қызығушылықтарына қарай, ата – аналардың өтініштері негізінде, әр-түрлі бағыттағы мекепішілік үйірмелерге тартылды, қазіргі таңда әр үйірме жетекшілері өз бағыттары бойынша жұмыс жасауда.

Атап айтар болсам:

16 қыркүйек - Отанымызды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге, туған елімізге адал қызмет етуге тәрбиелеу. Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін кеңейту мақсатында "Рәміздерім мақтанышым!" атты тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

16 қыркүйек күні 9- сынып оқушылары арасында Карл-Поппер форматында мектепішілік пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс қорытындысы бойынша үздік спикерлер анықталып, марапаталды. Жетекшісі: М.Сатылғанова

24 қыркүйек - оқушылар мен ата-аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің манызын түсіндіру. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында Отбасы күніне орай, «Көкем, апам және мен» тақырыбында отбасылық спорттық эстафеталық сайыс өткізілді. Сайысқа Мырзанов Әскербек қатысты.

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, «Ардагерлерді ардақтайық» тақырыбындағы апталық іс – шара жоспары құрылып, жоспар бойынша барлық жауапты үйірме жетекшілері жұмыстар жүргізілді.

30 қыркүйек - 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарды құрмет тұтып, әрқашан еске алып, жыл сайын құттықтап, үйлеріне барып көмек беріп, оқушыларымыз өлең шумақтарын айтып, өз қолдарымен жасаған арнайы құттықтау қағазы мен гүл шоқтарын табыстады.

- **Ұстаздар күні мерекесіне орай** «Ұстаз ұлы тұлға!» тақырыбында өткізілетін офлайн форматтағы іс-шара жоспары құрылып, жоспар бойынша барлық жауапты үйірме жетекшілері жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша, оқушылар өз қолдарымен жасаған арнайы құттықтау қағазы мен открыткаларын ұлағатты ардагер ұстаздарымызға барып құттықтап, естелік фотосуретке түсіп, жақсы көңіл - күймен қайтты.

4 қазан күні - үйірме жетекшілері 5 қазан Ұстаздар күніне орай, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарды құрмет тұтып, оқушыларымыз өлең шумақтарын айтып, өз қолдарымен жасаған арнайы құттықтау қағазы мен гүл шоқтарын табыстады.

Оқу - ағарту министрлігі мектеп оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР КҮЗГІ КАНИКУЛДА** атты тақырыптағы 28.10. – 03.11.2024ж. аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жопар бойынша жұмыстар атқарылды.

28 қазан ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР КҮЗГІ КАНИКУЛДА атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру шеңберінде «Демалыста кітап оқимыз» атты тақырыбында кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан және Сейдуллаева Гүлбала апайларымыз кіші буын оқырмандарымен жоғары деңгейде іс – шара өтті.

29 қазан - Қазақстандық оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі Үмбетова Эльмира әріптесіміз «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Буллингтен қорған!» қауіпсіздік сабағын өтті.

29 қазан Қазақстандық оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Жас шебер» үйірмесінің жетекшілері Жамалхан Гаухар және Ибримов Серғазы әріптестеріміз «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Ертегілер еліне саяхат» атты тақырыбында "Аю мен бал арасы" ертегісін жоғарғы деңгейде, кіші топпен іс – шара өтті.

30 қазан Қазақстандық оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға қазақтың ұлттық ойындары мен салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында «Шынықсаң – шымыр боласың» атты тақырыпта «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Найза - Ядро», «Жас футболшы», «Волейбол», «Баскетбол» үйірмесінің жетекшілері жоғарғы деңгейде спорттық іс-шарасын өтті.

1 қараша «Таза Қазақстан. Түркістан – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында білім ордасын жаңбырдан кейінгі жағдайлардан арықтарды, көшелерді, тротуарлар мен айналма жолдарымызды, жасыл желектерді күту бойынша маусымдық жинап, тазалау, рұқсат етілмеген қоқыстарды жою жалпы абаттандыру, күл-қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді.

Акцияның мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, “Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс” тұжырымдамасы негізінде отансүйгіштік, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәріптеу.

8 қараша күні, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға, спортпен шұғылданып, денсаулықтарын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында «Ұлттық мектеп лигасы» баскетболдан «Алтын доп» қыздар арасында өткен аймақтық жарыста белсене белсене қатысқаны үшін марапатталып, аудандық жарысқа жолдама алды. «Баскетбол» үйірмесінің жетекшісі Қалдыбай Бүркіт

09.11.2024ж. «Ұлттық мектеп лигасы» футболдан аудан мектептері арасында I орын алып, ауданға жолдама алды. «Жас футболшы» үйірмесінің жетекшісі Сретай Мустафа.

11 қараша оқушылардың қоғам өміріне белсене араласып, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікір айта білуге, ақпаратты талдай білу қабілетін арттыру мақсатында өткен 2024 жылдың 7 қараша күні Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебінің базасындаи өткен дебат турниріне «Жалын» ұшқыр ой алаңының жетекшісі Сатылғанова Мадина әріптесіміз 10 «В» Абдихан Балнұр, 10 «В» Майлыбаева Альмираны аймақтық пікірсайыс турнирге қатыстырды.

15 қараша Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінің оқушылары ағымдағы жылдың 8 қараша күні, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға, спортпен шұғылданып, денсаулықтарын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында «Ұлттық мектеп лигасы» баскетболдан «Алтын доп» қыздар арасында өткен аймақтық жарыста белсене белсене қатысқаны үшін марапатталды.

22 қараша ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға, бүгінгі қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту мақсатында «Баланың бас ұстазы ата- ана» атты тақырыпта Сатылғанова Мадина әріптесіміз жоғарғы деңгейде ата-ананың бала өміріндегі орны және жауапкершілігі, балалар қауіпсіздігінің алдын алу шаралары жайында бейнероликтер мен слайдтар көрсетіп, «Сиқырлы қалпақ», «Қызықты сұрақтар» әдістері арқылы тренингтер мен сұрақ – жауап арқылы жаңа әдіс – тәсілдермен өтті.

23.11.2024ж. «Ұлттық мектеп лигасы» «Асық ату» бойынша аудан мектептері арасында I орын, жетекшісі: Мырзанов Әскербек

25.11.2024ж. төтенше жағдайлар орын алған (өрт қауіпсіздігі) жағдайда шұғыл әрекет ету мақсатында оқушылар және қызметкерлермен бірге мектепішілік сейсможаттығу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты - оқушыларды төтенше жағдайлардың алдын алу, төтенше жағдайда көмек көрсетуге, сабырлыққа, бір - бірін қолдауға, жауапкершілікті сезінуді қалыптастыру.

Сонымен қатар, оқушыларды ғимараттан қауіпсіз аймаққа көшіру жоспарына сәйкес мектеп-лицейі директорының міндетін уақытша атқарушы, оқу ісінің орынбасары Б.Дарменова, АӘД пәні мұғалімі Б.Жүрсінов және медбике К.Игиликова оқушылармен бірге төтенше жағдай орын алғанда отқа ұқыпсыз қарау, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, балалардың отпен ойнауы, медициналық алғашқы көмек көрсету жайлы түсіндірме жұмысын жүргізді.

26.11.2024ж. шәкірттерімізге рухани адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбие беру яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру мақсатында мектепішілік «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері онлайн форматта бүгін, аудандық II аймақ бойынша слетқа қатысты.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс - шаралар жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Атап айтар болсақ:

02.12.2024ж. - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс – шары құрылып жоспар бойынша «Қанаты кең, құшағы ыстық Қазақстаным» атты жас ақындардың шығармашылық кешін үйірме жетекшілері Сатылғанова Мадина, Үмбетова Эльмира және Адилбеков Сүлеймен әріптестеріміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырып өтті.

«Бір шаңырақта жасаймыз...» атты мектепішілік оқушылар арасында фото суреттер көрмесінрме жетекшілері Г.Жамалхан, Р.Тилеуова және С.Ибраймов әріптестеріміз ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс – шары құрылып жоспар бойынша яғни, оқушылардың спорттық ойынға деген

қызығушылықтарын арттыру, әр түрлі ойын түрлерімен таныстыру, тәсілдерін меңгерту, спортқа деген ептіліктерін, шапшаңдық қабілеттерін арттыру мақсатында **«Тәуелсіз елдің ұланы»** атты балалар мен жасөспірімдердің арасында спорттық эстафеталық сайысты үйірме жетекшілері Ә.Мырзанов, Қ.Эргашев, М.Сретай, С.Хасан, М.Арипжанов, Н.Тайшабай, Б.Қалдыбай әріптестеріміз "Тәуелсіз елдің ұланы" тақырыбында спорттық эстафеталық сайысты жоғарғы деңгейде ұйымдастырды.

09.12.2024ж. - Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу жұмыстары бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабарлау, азаматтардың полиция органдарына деген сенімін арттыру мақсатында «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн»! белсенділік акциясының іс-шара жоспары құрылып, жоспар бойынша дебат, сурет байқауы, сынып сағаты өтілді.

10.12.2024ж. - қысқы каникул 2024 жылдың 30 желтоқсанында басталады және 2025 жылдың 8 қаңтарын қоса алғанда күнтізбелік 10 күнге іс шара жоспары құрылып бекітіліп, жауапты жетекшілерге таныстырылды.

11.12.2024ж. - аудандық білім бөлімінің 10.12.2024ж №2228 санды хатына сәйкес, «Шардара» мектеп – лицейінде суды үнемді тұтынудың күнделікті өмірде қаншалықты маңызды екенін түсініп, экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Судың адам өміріндегі маңызы» атты тақырыпта үйірме жетекшілері тәрбие сағаттарын өтті.

27.12.2024ж. - оқушылардың қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 30.12.2024-08.01.2025 аралығында іс-шара жоспары құрылып, бекітіліп жоспар бойынша үйірме жетекшілер уақытылы жұмыстарын жүргізді.

16.01.2025ж. - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жасөспірімдердің салауатты өмір салтын сақтауға, спортпен шұғылданып, денсаулықтарын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында «Ұлттық мектеп лигасы» баскетболдан «Алтын доп» қыздар арасында өткен аймақтық жарыста I орынмен марапатталды.

Жаттықтырушы «Баскетбол» үйірмесінің жетекшісі Қалдыбай Бүркіт

20.01.2025ж. - өскелең ұрпақтың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқушылардың бойына құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, өз ұстанымын жүйелі білдіру дағдыларын, пікірталас мәдениетін, дәлелдеу өнерін қалыптастыру, дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту мақсатында өткен «Ұшқыр ой алаңы» аймақтық жарыста «Бас жүлде» мен марапатталып, аудандық кезеңге жолдама алды.

Жетекшісі Сатылғанова Мадина

04.02.2025ж. - Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениеті не, тілі мен әдебиетіне деген өзге ұлт өкілдерінің ықыласын арттыру, қазақстандық рухани бірлікті қуаттау, отансүйгіштік сезімді арттыру мақсатында өткен республикалық «Абай оқулары» байқауына қатысып, шәкіртіміз Қалжигитова Айару I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жетекшісі Құдайбергенова Гүлжан

19.02.2025ж. - «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адалдық, Әділеттілік, Парасаттылық» құндылықтары негізінде іс-шара жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, орта буын оқырмандарымен кітапханада «Кітап – сарқылмас рухани қазына» атты тақырыпта «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі Үмбетова Эльмира әріптесіміз жоғарғы деңгейде іс-шара өтті.

24.02.2025ж. - оқушылардың жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге, елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында «1 наурыз - Алғыс айту күні» мерекесіне орай іс-шара жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда.

«Бір Отан - бір отбасы» тақырыбында ұлағатты ұрпақ өсіріп, өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп отырған дана қарияларымыз бен жетістігі жетерлік аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің майталмандарымен үйірме жетекшілері оқушыларымен барып сұхбаттасып, өмірден көрген – түйгендерімен бөлісіп, мерекемен құттықтап, оқушыларымыз алғыстарын айтып, жақсы көңіл-күймен қайтты.

08.05.2025ж. - Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, тәжірибелі ұстаз, ардагер спортшы Мұхан Орынбайдың мерейлі зейнет жасына шығуына байланысты өткізілген турнирде, атап айтар болсам «Дойбы» I орынмен Жаңабаев Нұрболат, «Шахмат» II орынмен Тоқсанбаев Санжар, «Бес асық» III орынмен Мусаева Бибисара және жалпы командалық есеппен мектеп – лицейіміз II орынмен марапатталды.

2025–2026 оқу жылының басында барлық мектепішілік үйірме жетекшілері жылдық жоспарларын бекітіп, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында барлық сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері мен ата-аналардың өтініштері негізінде оқушылар мектепішілік үйірмелерге тартылды.

Оқу жылында мектепішілік үйірмелерге жалпы **935 оқушы** қамтылды. Оның ішінде:

◈ **557 оқушы** – пәндік бағыттағы үйірмелерге;
◈ **378 оқушы** – спорттық бағыттағы үйірмелерге қатысуда.

Үйірмелер оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, түрлі бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізуде.

Атқарылған негізгі іс-шаралар

📌 Қыркүйек айы

• 1 қыркүйек – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткен «Үздік үйірме жетекшісі» аудандық байқауына қатысып, III орын иеленді.

• 13 қыркүйек – «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында жалпы мектепішілік тазалық және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

• 16 қыркүйек – «Рәміздерім – мақтанышым!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

• 22 қыркүйек – «Отбасы тәрбиесі» айлығы аясында «Дені сау ұрпақ» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

• WSDC форматы бойынша дебат турнирі өткізілді (9–10 сыныптар).

Аудандық кезеңге жолдама алған оқушылар:
— Мусаева Назипа (10 «В»)
— Қамзабек Думан (10 «В»)
— Таубай Ақниет (10 «Б»)

📌 Қазан айы

• «Ұстазыма тосын сый» онкүндігінің ашылуы өтті.

• 1 қазан – «Халықаралық қарттар күніне» орай сурет байқауы ұйымдастырылды.

• Ардагер ұстаздарға құрмет көрсету іс-шарасы өткізілді.

• «Ұстаздың еңбегі сөнбес!» тақырыбында сурет байқауы өтті.

• «Мен болашақ педагогпін!» атты эссе және бүктеме байқауы ұйымдастырылды.

• 20 қазан – Республика күніне арналған спорттық эстафета өткізілді.

• «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

• 29 қазан –
— «Өнегелі өмір» эссе байқауы;
— «Салауатты өмір салты – жарқын болашақ кепілі!» танымдық іс-шарасы;
— «20 минуттық кітап оқимыз» жобасы өткізілді.

📌 Қараша айы

• Робототехника үйірмесінің оқушылары облыстан I орын алып, Орталық Азияға жолдама алып, номинациямен оралды.

• 21 қараша – «Білім беру жүйесіндегі тәрбие: дәстүр мен инновация интеграциясы» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

• «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында 7-сыныптар арасында эссе байқауы ұйымдастырылды.

📌 Желтоқсан айы

• 4 желтоқсан – «Менің құқығым бар» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

• «Бір шаңырақта жасаймыз…» фотокөрмесі ұйымдастырылды.

• 6 желтоқсан – Ұлттық мектеп лигасы (футбол) жарысында I орын иеленді.

• 8 желтоқсан –
— «Тәуелсіз елдің ұланы» спорттық эстафетасы;
— Core Finds командасы облыстық байқауда I орын;
— «Роботур» облыстық байқауында III орын иеленді.

• 9 желтоқсан – «Тәуелсіз елдің тірегі» аудандық сурет байқауында III орын алды.

• 12 желтоқсан – Ұлттық мектеп лигасы (Тоғызқұмалақ) жарысында I орын иеленді.

📌 2026 жыл

• 23.02.2026 ж. - Аудандық «Дебат» турнирінде II орын иеленді.
Жетекшісі: Кидирова Ақнұр.

• 10–18.03.2026 ж. - Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Үйірме – жаңа мүмкіндіктер алаңы!» тақырыбында іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

• 19–27.03.2026 ж. - «Қазақстандық оқушылар көктемгі каникулда» тақырыбында көктемгі демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге бағытталған іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарлы жұмыстар атқарылды.

• 03.03.2026 ж. - Аудандық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауында Танжар Жандос Бахытұлы «Бас жүлде» иегері атанды.
Жетекшісі: Ибраимов Серғазы.

• 30.03.2026 ж. - Түркістан облысының білім басқармасына қарасты «Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастырған «Сөз бен саз» облыстық байқауында Ділдәбек Асылбек II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Эргашев Қайрат.

Қорытынды

Барлық үйірме оқушылары мектепішілік, аудандық және облыстық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Атқарылған жұмыстар мектеп-лицейдің ресми Facebook, Instagram, TikTok әлеуметтік желі парақшаларында уақытылы жарияланып келеді.

Жалпы, қосымша білім беру бағытында жүргізілген жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және жан-жақты тұлға қалыптастыруға оң ықпал етті.